

Панфилов ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға біржолғы ақшалай өтемақы төлеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 4-51-311 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 11 қазанда N 2-16-138 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 4-55-344 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 20.12.2011 № 4-55-344 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 53-бабының 2-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес Панфилов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Панфилов ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне 2011 жылғы бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде біржолғы ақшалай өтемақы төленсін.

2. "Панфилов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Жақыбай Азат Жапарұлы) біржолғы ақшалай өтемақының төленуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы
сессиясының төрағасы **К. Илахунов**

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы **Т. Оспанов**